

**D001 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша  
докторантураға түсушілерге  
арналған емтихан бағдарламасы**

**1. Жалпы ережелер.**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

<b>Блогы</b>	<b>Балы</b>
1. ЖОО-ның емтихан комиссиясы өткізетін талапкермен әңгімелесу.	<b>30</b>
2. Эссе	<b>20</b>
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	<b>50</b>
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 30 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО базасында жеке өткізіледі.

**1. Түсу емтиханын өткізу тәртібі**

1. 8D01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

## **Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар**

### **«Жоғары мектеп педагогикасы» пәні**

#### **1 ТАҚЫРЫП: Педагогиканың ғылым ретіндегі пәні, нысаны және қызметтері**

Педагогика – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Оның нысаны – білім беру үдерісі, ал пәні – сол үдерістегі педагогикалық заңдылықтар мен механизмдер. Негізгі қызметтері: теориялық, технологиялық және болжамдық. Қазіргі кезеңде педагогика әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен интеграциялануы.

#### **2 ТАҚЫРЫП: Педагогиканың әдіснамалық негіздері және ғылыми зерттеу әдістері**

Педагогиканың әдіснамасы философиялық, жалпы ғылыми және нақты ғылыми деңгейлерден тұрады. Зерттеу әдістеріне бақылау, эксперимент, сауалнама, контент-талдау және педагогикалық модельдеу жатады. Докторантура деңгейінде эмпирикалық және теориялық әдістердің бірлігі маңызды. Әдіснамалық мәдениет – зерттеушінің кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіші.

#### **3 ТАҚЫРЫП: Білім беру парадигмаларының эволюциясы**

Білім беру тарихында дәстүрлі, технократиялық, гуманистік және құзыреттілік парадигмалар. Қазіргі жоғары білім жүйесі тұлғаға бағытталған және нәтижеге бағдарланған парадигма. Парадигманың өзгеруі қоғам сұранысымен байланыстылығы. Олардың мазмұн, әдіс және бағалау жүйесіне ықпал етуі

#### **4 ТАҚЫРЫП: Тұлғаны дамыту теориялары және педагогикалық интерпретациясы**

Тұлғаның дамуы биогенетикалық, социогенетикалық және мәдени-тарихи теориялар тұрғысынан қарастырылады. Мысалы, Лев Выготский мәдени-тарихи теориясында «жақын даму аймағы» ұғымы. Бұл теория оқытудың дамуға жетекші рөл атқаратынын дәлелдейді. Педагог үшін бұл – оқытуда қолдау мен ынтымақтастықты ұйымдастырудың ғылыми негізі.

#### **5 ТАҚЫРЫП: Тәрбие теориясы және құндылықтық бағдарлар**

Тәрбие – тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеру үдерісі. Қазіргі тәрбие жүйесі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуі. Тәрбие мазмұны азаматтық, рухани-адамгершілік және кәсіби бағыттарды қамтуы. Жоғары мектептегі тәрбиенің кәсіби этика мен академиялық адалдық арқылы жүзеге асуы.

#### **6 ТАҚЫРЫП: Дидактика және оқыту заңдылықтары**

Дидактика – оқыту теориясы, оның мазмұнын, принциптері мен әдістерін зерттейді. Оқыту заңдылықтары – мақсат, мазмұн, әдіс және нәтиже арасындағы өзара байланысы. Принциптерге ғылымилық, жүйелілік, саналылық және белсенділік. Қазіргі дидактика цифрлық технологиялармен толықтырылуы.

#### **7 ТАҚЫРЫП: Құзыреттілік тәсіл және нәтижеге бағдарланған білім беру**

Құзыреттілік тәсіл білім алушының білімін практикада қолдана алу қабілетін қалыптастыру. Білім, білік, дағды және құндылықтардың интеграциясы. Жоғары білімде оқу нәтижелері нақты құзыреттер арқылы сипатталады. Бұл тәсіл еңбек нарығы талаптарымен үндесуі.

#### **8 ТАҚЫРЫП: Жоғары мектеп педагогикасының ерекшеліктері**

Жоғары мектеп педагогикасы ересектерді оқыту заңдылықтарын зерттейді. Академиялық еркіндік пен ғылыми-зерттеу қызметі. Студент – білім беру үдерісінің белсенді субъектісі.

Оқу үдерісі кредиттік технология негізінде ұйымдастырылуы.

### **9 ТАҚЫРЫП: Оқытудың инновациялық технологиялары**

Инновациялық технологияларға проблемалық оқыту, жобалық әдіс, кейс-стади және цифрлық платформалар жатады. Олар білім алушылардың сыни ойлауын және зерттеушілік қабілетін дамытады. Инновация педагогтың кәсіби құзыреттілігімен тікелей байланысты. Тиімділік критерийі – оқу нәтижесінің сапасы.

### **10 ТАҚЫРЫП: Академиялық адалдық және ғылыми мәдениет**

Академиялық адалдық – білім беру сапасының негізгі шарты. Ол плагиатқа жол бермеу, дереккөздерді дұрыс рәсімдеу және ғылыми этиканы сақтау қағидаларын қамтиды. Жоғары мектепте ғылыми мәдениет зерттеу қызметімен тығыз байланыстылығы. Бұл қағидалардың халықаралық стандарттарға сәйкес келуі.

### **11 ТАҚЫРЫП: Педагогтің кәсіби құзыреттілігі**

Педагогтің құзыреттілігі – кәсіби білім, әдістемелік шеберлік және тұлғалық қасиеттердің бірлігі. Ол коммуникативтік, зерттеушілік және цифрлық құзыреттерді қамтиды. Жоғары мектеп оқытушысы ғылыми жетекшілік қызмет атқарады. Үздіксіз кәсіби даму – сапалы білім кепілі.

### **12 ТАҚЫРЫП: Білім беруді цифрландыру және цифрлық педагогика**

Цифрландыру білім беру мазмұны мен әдістерін жаңғыртады. Онлайн-платформалар мен LMS жүйелері оқытудың икемділігін арттырады. Цифрлық педагогика интерактивтілік пен дербестендіруді қамтамасыз етеді. Бұл үрдіс білім алушының автономиясын күшейтуге ықпал етуі.

### **13 ТАҚЫРЫП: Білім сапасын бағалау және мониторинг**

Бағалау – оқу нәтижесін анықтау және түзету механизмі. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері қолданылады. Жоғары мектепте рейтингтік жүйе мен кредиттік технология қолданылады. Мониторинг білім беру сапасын басқару.

### **14 ТАҚЫРЫП: Инклюзивті білім беру және педагогикалық қолдау**

Инклюзивті білім беру – әрбір білім алушының тең құқықта оқуына жағдай жасау. Ол дараландыру және бейімдеу қағидаларына негізделеді. Жоғары мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау қызметтері ұйымдастырылады. Бұл әлеуметтік әділеттілік принципімен байланыстылығы.

### **15 ТАҚЫРЫП: Білім беру жүйесін басқару және көшбасшылық**

Білім беру менеджменті стратегиялық жоспарлау мен сапаны қамтамасыз етуге бағытталуы. Академиялық көшбасшылық инновацияны енгізуде маңыздылығы. Университет автономиясы басқару тиімділігін арттырады. Басқару үдерісі нормативтік-құқықтық актілермен реттелуі.

### **Әдебиеттер:**

1. Шолпанқұлова Г.К., Калкеева К.Р. – Жоғары мектеп педагогикасы Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 259 б.
2. Баширова Ж.Р., Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова Жоғары мектеп педагогикасы: оқу құралы, Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 190 б. Жоғары білім беру педагогикасының өзекті мәселелері, оқыту әдіс-тәсілдері мен практикалық тапсырмалар.
3. Мыңбаева Ә.Қ. – Жоғары мектеп педагогикасы негіздері – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 236 б.
4. Бұлақбаева М.К. – Жоғары мектеп педагогикасы Алматы: Отан баспасы, 2016. – 208 б.

5. Садуакасова З.М. Жоғары мектеп педагогикасы. – Алматы. Жоғары білім беру үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері.
6. Нұрғалиева Г.К. Білім беруді ақпараттандыру: теориясы мен практикасы. – Алматы. Цифрлық педагогика, инновациялық технологиялар.
7. Айтмамбетова Б.Р. Тәрбие теориясы. – Алматы. Құндылықтық бағдарлар, азаматтық тәрбие.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007, өзгерістермен)
8. Білім беру жүйесін басқару, академиялық саясат, сапа кепілдігі.
9. Нұрғалиева Г.К. Білім беруді цифрландыру және цифрлық педагогика. – Алматы, 2022.

## **«Жоғары мектеп психологиясы» пәні**

### **1 ТАҚЫРЫП: Жоғары мектеп психологиясының пәні, нысаны және міндеттері**

Жоғары мектеп психологиясы – студенттік жастағы тұлғаның даму заңдылықтарын және жоғары білім беру жағдайындағы психологиялық үдерістерді зерттейтін сала. Нысаны – студент пен оқытушының өзара әрекеті. Пәні – кәсіби қалыптасу, танымдық, мотивациялық және тұлғалық даму механизмдері. Негізгі міндеті – білім беру үдерісінің психологиялық тиімділігін арттыру.

### **2 ТАҚЫРЫП: Студенттік жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктері**

Студенттік жас – кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтау кезеңі. Бұл уақытта рефлексия, өмірлік жоспар құру және құндылықтық бағдарлар қалыптасады. Интеллектуалдық мүмкіндіктер және танымдық белсенділік пен сыни ойлау. Тұлғаның әлеуметтік рөлдерінің кеңеюі.

### **3 ТАҚЫРЫП: Жоғары оқу орнына бейімделудің психологиялық мәселелері**

Бірінші курс студенттері жаңа әлеуметтік ортаға, академиялық талаптарға және дербестікке бейімделуі. Бейімделу үдерісі эмоциялық тұрақтылық пен мотивацияға тәуелді. Әлеуметтік қолдау және әдвайзерлік жүйе бейімделуді жеңілдетуі. Сәтті бейімделудің оқу жетістігіне ықпалы.

### **4 ТАҚЫРЫП: Оқу мотивациясы және оның құрылымы**

Оқу мотивациясы – студенттің танымдық іс-әрекетке ішкі және сыртқы себептерінің жиынтығы. Ішкі мотивация кәсіби қызығушылықпен, ал сыртқы мотивация бағалау және әлеуметтік мәртебемен байланыстылығы. Теориялық тұрғыда мотивацияны түсіндіруде гуманистік және когнитивтік бағыттар. Жоғары мектепте кәсіби-мағыналық мотивацияны дамыту.

### **5 ТАҚЫРЫП: Танымдық үдерістердің (ойлау, ес, зейін) дамуы**

Студенттік кезеңде абстрактілі-логикалық ойлауды дамыту мәселесі. Ес пен зейіннің ерікті формалары басымдылығы. Ғылыми мәтіндермен жұмыс істеудегі аналитикалық қабілеттердің дамыту. Танымдық стратегияларды меңгерудің оқу тиімділігін арттыруы. Сыни және шығармашылық ойлау ғылыми қызметпен байланысты дамыту.

### **6 ТАҚЫРЫП: Студент тұлғасының кәсіби қалыптасуы**

Кәсіби қалыптасу – болашақ маманның кәсіби «Мен-концепциясының» дамуы. Кәсіби өзін-өзі анықтау – тұлғаның болашақ мамандыққа саналы қатынасын қалыптастыру үдерісі. Кәсіби сәйкестілік тұлғалық жетілудің көрсеткіші. Университет ортасы кәсіби әлеуметтенудің негізгі кеңістігі.

### **7 ТАҚЫРЫП: Қарым-қатынас психологиясы және академиялық орта**

Жоғары мектепте «оқытушы–студент» және «студент–студент» қатынастары маңыздылығы. Тиімді коммуникация сенім мен ынтымақтастыққа негізделуі.

Педагогикалық такт және эмпатия оқу үдерісінің сапасына әсері. Академиялық ортадағы психологиялық климат тұлғалық даму факторы ретінде. Қақтығыстарды конструктивті шешу психологиялық мәдениеті.

#### **8 ТАҚЫРЫП: Студенттердің психологиялық денсаулығы**

Психологиялық денсаулық – тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығы мен өмірге қанағаттануы. Жоғары оқу жүктемесі күйзеліс пен мазасыздыққа әкелу жағдайы. Психологиялық қызметтер мен профилактикалық бағдарламалар жүйесі. Ресурстық тәсіл стресс-менеджмент дағдыларын дамыту мәселелері.

#### **9 ТАҚЫРЫП: Өзін-өзі реттеу және рефлексия. Өзіндік реттеу және академиялық дербестік**

Өзін-өзі реттеу – студенттің оқу әрекетін саналы жоспарлау және бақылау қабілеті. Рефлексия кәсіби және тұлғалық өсуге ықпалы. Метатанымдық дағдылар академиялық табыстылықтың алғышарты. Өзіндік реттеу – студенттің оқу әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеті, жауапкершілік пен дербестік. Уақытты басқару – академиялық табыстың факторы. Өзіндік бақылау кәсіби жетілуге ықпалы.

#### **10 ТАҚЫРЫП: Қабілеттер және дарындылық психологиясы.**

Жоғары мектеп дарынды және қабілетті жастардың әлеуетін дамытуға бағытталуы. Қабілет – іс-әрекетті табысты орындаудың психологиялық шарты. Дамытушы ортаның шығармашылық ойлауды ынталандырып, қалыптастыруы. Ғылыми-зерттеу қызметі дарындылықты айқындаудың маңызды құралы.

#### **11 ТАҚЫРЫП: Жоғары мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау**

Психологиялық қолдау студенттің жеке және академиялық мәселелерін шешуге бағытталуы. Кеңес беру, коучинг және тьюторлық жүйелердің сабақтастығы. Қолдау, профилактикалық және түзетуші қызметтерді ұйымдастыру.

#### **12 ТАҚЫРЫП: Студенттік топтың психологиясы. Әлеуметтік-психологиялық климат және топтық динамика**

Академиялық топ – шағын әлеуметтік топ. Топтық динамика, көшбасшылық және бейресми құрылымдар. Позитивті топтық климат оқу мотивациясын арттыруы. Топшілік қақтығыстарды басқару, психологиялық сауаттылық. Студенттік топтағы психологиялық климаттың оқу тиімділігіне әсері. Топтық нормалар мен көшбасшылық құрылым. Ынтымақтастық атмосферасының мотивацияны арттыруға әсері. Қолайсыз климаттың конфликтілерге әкелуі.

#### **13 ТАҚЫРЫП: Оқытушы тұлғасының психологиялық ерекшеліктері және психологиялық мәдениет**

Жоғары мектеп оқытушысы ғылыми және педагогикалық рөлдерді үйлестіруші ретінде. Оның кәсіби сәйкестілігі мен рефлексивтілігі. Педагогикалық қарым-қатынас стилдері. Кәсіби күйіп кетудің алдын алу. Оқытушының психологиялық мәдениеті – кәсіби табыстың негізі. Олар - эмоционалдық интеллект, эмпатия және рефлексия.

#### **14 ТАҚЫРЫП: Цифрлық ортадағы психологиялық ерекшеліктер**

Онлайн оқыту жағдайында зейіннің тұрақтылығы мен мотивация. Цифрлық шаршау феномені және виртуалды әлемге еніп кетудің алдын алу. Виртуалды коммуникация жаңа психологиялық дағдылар. Сандық сауаттылық – қазіргі студенттің маңызды құзыреті.

#### **15 ТАҚЫРЫП: Академиялық бейімделу, стресс және эмоциялық күйзеліс**

## **психологиясы**

Бірінші курс студенттері жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі. Бейімделудің когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық деңгейлері. Қолдау бағдарламаларының стрессті төмендетуге және стрестұрақтылықты дамытуға әсері. Сәтті бейімделудің оқу үлгерімін арттыруы. Жоғары оқу жүктемесінің студентте мазасыздық пен күйзеліс тудыруы. Эмоциялық тұрақтылық – кәсіби қалыптасудың шарты. Өзін-өзі реттеу дағдылары психологиялық денсаулықты сақтауға әсері. Университеттегі психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы

## **Әдебиеттер**

1. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы. Оқулық. -Алматы: ЖШС РПБК «ДӘУІР», 2012. -492б
2. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі, Оқу құралы, Алматы: «Бастау», 2018-304б.
3. Әлқожаева Н.С., Садуақасова З.М. Жоғары мектеп педагогикасы және психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Мыңбаева Ә.Қ. Жоғары мектептің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2020.
5. Нұрғалиева Г.К. Білім беруді цифрландыру және цифрлық педагогика. – Алматы, 2022.
6. ҚР ҒЖБМ Академиялық адалдық саясаты және университеттік мәдениет жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023.
7. Абай атындағы ҚазҰПУ Жоғары мектеп психологиясы: оқу құралы. – Алматы, 2022.
8. Буланова-Топоркова М. В. и др. Педагогика и психология высшей школы: учебное пособие. Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. 544 с.
9. Реан А.А., Бордовская Н. В., Розум С. И. Психология и педагогика. Санкт-Петербург: Питер, 2009 (или 2000). 432 с.
10. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов. Москва: Изд-во Московского психолого-социального института / МОДЭК, 2010. 447 с.
11. Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. Москва: Академия (изд. центр «Академия»), 2007–2009. 395 с.
12. Громкова М. Т. Педагогика высшей школы: учебное пособие для студентов педагогических вузов. Минск: версия 2012. 447 с.

## **«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні**

### **1 ТАҚЫРЫП: Ғылыми зерттеудің мәні және мақсаты**

Ғылыми зерттеу – жаңа білім алу мен мәселелерді шешуге бағытталған жүйелі процесс. Эмпирикалық мәліметтер мен логикалық талдаудың бірлігін қамтамасыз етуі. Зерттеу мақсаты гипотетикалық сұрақтарды нақтылау, ғылым мен қоғам үшін құнды тұжырымдар жасау. Зерттеу практикалық немесе теориялық тұрғыдан маңыздылығы. Мақсат айқын қойылуы және зерттеудің нәтижесінің ғылыми қауымдастыққа немесе қоғамға пайдалылығы.

### **2 ТАҚЫРЫП: Зерттеу тақырыбын таңдау**

Тақырып таңдау – зерттеу тиімділігін анықтайтын алғашқы қадам. Ол өзекті, ғылыми маңызды және зерттелуге болатын мәселе. Тақырып нақты әрі шектеулі болғанда, зерттеу жоспары құрылымдылығы. Таңдалған тақырып әдебиеттермен және алдын ала деректермен дәлелденуі. Тақырып зерттеушінің қызығушылығын арттырады және жұмыстың сапасын қамтамасыз етеді.

### **3 ТАҚЫРЫП: Ғылыми мәселелер мен проблемаларды айқындау**

Ғылыми мәселе – зерттеу барысында шешілетін нақты сұрақтар жиынтығы. Ол зерттеу тақырыбына байланысты анықталады. Мәселені дұрыс қою зерттеу гипотезалары мен әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Проблема нақты, өлшенетін және зерттелетін сипатта болуы маңызды. Проблеманың өзектілігі ғылыми және практикалық маңыздылығымен бағаланады.

### **3 ТАҚЫРЫП: Ғылыми мәселелер мен проблемаларды айқындау**

Ғылыми мәселе – зерттеудің зерттелетін ядросын құрайтын концептуалды сұрақтар жиынтығы. Мәселені дәл анықтау зерттеу гипотезасын қалыптастыру және әдістерді таңдау маңыздылығы. Проблема зерттеу саласындағы теориялық дискурс пен эмпирикалық лакуналарды есепке алу. Проблеманың өзектілігі ғылыми жаңалыққа, практикалық қолдануға және академиялық дискуссияға негізделуі.

### **4 ТАҚЫРЫП: Зерттеу гипотезаларын құру**

Гипотеза – зерттеудің болжамды нәтижесін көрсететін концептуалды конструкция. Ол тексеруге, салыстыруға және верификациялауға болатын сипатта болуы. Гипотеза зерттеу логикасын, әдістемелік дизайн мен деректерді талдау стратегиясын анықтау. Дұрыс құрылған гипотеза зерттеу нәтижесінің сенімділігі мен объективтілігі. Дұрыс құрылған гипотеза зерттеу нәтижесінің сенімділігін арттырады.

### **5 ТАҚЫРЫП: Зерттеу әдістерін таңдау**

Зерттеу әдістері – эмпирикалық деректерді жинау және талдау құралдары. Әдістер зерттеу гипотезасына, тақырыпқа және мақсатқа сәйкестілігі. Сандық және сапалық әдістерді интеграциялау күрделі құбылыстарды терең түсінуі. Әдістердің таңдалуы зерттеу сенімділігін, дәлдігін және репликация мүмкіндігін қамтамасыз ету. Әдістемелік консистенттілік ғылыми жаңалықтың қабылдануын арттырады.

### **6 ТАҚЫРЫП: Зерттеу жоспарын жасау**

Зерттеу жоспары – концептуалды, әдістемелік және логистикалық элементтерді біріктіретін құрылымдық құжат. Ол зерттеу кезеңдерін, деректер жинау құралдарын, уақытты және ресурстарды үйлестіруі. Жоспарлау зерттеушіге әдістемелік тұрақтылықты, процестің басқарылуын және нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етуі. Жоспар концептуалды, эмпирикалық және аналитикалық сатылардың өзара байланысы.

### **7 ТАҚЫРЫП: Мәліметтер жинау тәсілдері**

Деректерді жинау – зерттеу гипотезаларын тексерудің негізгі процесі. Ол бақылау, эксперимент, сауалнама, сұхбат және архивтік материалдарды қолдану арқылы жүргізілуі. Мәліметтер сапасы зерттеу сенімділігі мен дәлдігін анықтауы. Жиналған деректер концептуалды модель мен теориялық рамкаға сай болуы. Мәліметтерді жинау кезінде этикалық және құқықтық нормалар міндетті түрде сақталуы.

### **8 ТАҚЫРЫП: Деректерді өңдеу және талдау**

Деректерді талдау – зерттеудің ғылыми қорытындысын дәлелдеуі. Сандық мәліметтер статистикалық модельдер мен көпөлшемді талдау әдістерімен, сапалық мәліметтер мазмұндық, дискурстық немесе феноменологиялық талдау арқылы өңделуі. Талдау гипотеза мен зерттеу мақсаттарына сәйкес жүргізілуі. Деректерді интерпретациялау ғылыми тұжырымдардың сенімділігін арттыруы.

### **9 ТАҚЫРЫП: Этикалық мәселелер**

Ғылыми зерттеуде этика – маңызды аспект. Зерттеуге қатысушылардың құқықтары қорғалуы тиіс. Этикалық нормаларды сақтау жалған немесе манипуляциялық

нәтижелерден аулақ болу. Зерттеуші этикалық стандарттарды зерттеу кезеңдерінің барлық сатысында ұстануы. Этикалық мәселелер ғылыми қоғамдастықтағы бедел мен сенімділікті қамтамасыз етуі.

#### **10 ТАҚЫРЫП: Зерттеу нәтижелерін бағалау**

Нәтижелерді бағалау зерттеудің теоретикалық, методологиялық және практикалық мәнін айқындауы. Бағалау нәтижелердің сенімділігін, нақтылығын және валидтілігін анықтау. Ол гипотезалардың дұрыстығын, зерттеу мақсаттарының орындалуын және жаңалық дәрежесін көрсетеді. Бағалау ғылыми жариялауға дайындықты қамтамасыз етеді.

#### **11 ТАҚЫРЫП: Қорытынды жасау**

Қорытынды – зерттеу кезеңдерінің интегративті жиынтығы. Ол гипотезалардың дұрыстығын, мақсаттардың орындалуын және нәтижелердің теориялық және практикалық мәнін көрсетеді. Қорытынды ғылыми жаңалықты нақты көрсететін ұсыныстар мен тұжырымдарды қамтуы. Логикалық құрылым мен дәлелдерге сүйену оның сенімділігін арттыру.

#### **12 ТАҚЫРЫП: Зерттеу сапасын қамтамасыз ету**

Зерттеу сапасы – зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін айқындайтын критерий. Ол дұрыс жоспарлау, әдістерді таңдау және деректерді талдау арқылы қол жеткізілуі. Сапалы зерттеу ғылыми жаңалықты тарату мен дискуссияда мойындалуына мүмкіндік береді. Зерттеуші әдістемелік тұрақтылық пен этикалық нормаларды сақтауы.

#### **13 ТАҚЫРЫП: Уақытты тиімді пайдалану**

Ғылыми зерттеуді ұйымдастыруда уақыт факторын басқару негізгі стратегиялық элемент болып табылады. Жоспарланған мерзімдерді сақтау зерттеу сапасын арттырады. Уақытты тиімді пайдалану ресурстарды үйлестіруді жеңілдетеді және нәтижелердің уақытылы алынуына мүмкіндік береді. Бұл жоспарлау мен ресурстарды үйлестіруді жеңілдетеді.

#### **14 ТАҚЫРЫП: Ресурстарды ұйымдастыру**

Зерттеу ресурстары – адам, материал, техника және қаржы. Ресурстарды дұрыс ұйымдастыру зерттеу жүргізуді жеңілдетеді. Тиімді ресурстар жоспарланған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Ресурстар зерттеу дизайны мен әдістемелік стратегияға сай болуы керек. Тиімді басқару зерттеу тиімділігін арттырады

#### **15. ТАҚЫРЫП: зерттеуді жариялау**

Ғылыми зерттеу нәтижесін жариялау – білімді тарату мен академиялық коммуникацияның негізгі кезеңі. Жариялау ғылыми мақалалар, баяндамалар, конференциялар немесе деректер базалары арқылы жүзеге асады. Ол зерттеушінің беделін көтереді және ғылыми жаңалықты мойындатуға мүмкіндік береді. Жарияланған зерттеу тәжірибе мен дискурстық талқылау үшін ақпарат көзі болып табылады

#### **Әдебиеттер**

1. Әбдіқалықова, Г.Ж. Ғылыми зерттеулер әдістемесі. Алматы: Рауан, 2020.
2. Бәйтерекөв, Т.С. Ғылыми зерттеу және жазу мәдениеті. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
3. Шаяхметов, М.А. Методика ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруда. Алматы: Аруна, 2022.
4. Смагулов, Қ.А. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2021.
5. Амангелді, Б.М. Зерттеу жұмысының этикасы мен сапасы. Нұр-Сұлтан: Елбас, 2020.
6. Кемеров, В.И. Методы научного исследования. Москва: Юрайт, 2018.

7. Артемова, И.В. Организация и планирование научного исследования. Санкт-Петербург, 2021.
8. Левитас, Е. Научное исследование: теория и практика. Москва: Просвещение, 2019.
9. Петров, А.Н. Этика и методология научных исследований. Санкт-Петербург: Питер, 2020.
10. Иванова, С.В. Обработка и анализ данных в научных исследованиях. Москва: Академия, 2021.
11. Creswell, J.W. Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches. SAGE, 2018.
12. Robson, C. Real World Research. Wiley, 2017.
13. Saunders, M., Lewis, P., Thornhill, A. Research Methods for Business Students. Pearson, 2020.
14. Punch, K.F. Introduction to Research Methods in Education. SAGE, 2016.
15. Babbie, E. The Practice of Social Research. Cengage, 2020.

### **ЭССЕ ЖАЗУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ СТРАТЕГИЯ:**

Аналитикалық тереңдік: Тақырыпты ашқанда тек мәселені сипаттап қоймай, оның шешу жолдарын (педагогикалық модельдер немесе психологиялық тетіктер) ұсыныңыз.

Қарама-қайшылықты көрсету: және эссенің ғылыми аппаратын (өзектілігі, мақсаты, болжамы) құрастырып көрсетіңіз

#### **Эссеге қойылатын талаптар:**

1. Кіріспе: Мәселенің өзектілігі және тезис.
2. Негізгі бөлім: Кемінде 2-3 дәлел (аргумент), ғылыми теорияларға сілтеме жасау (мысалы, Выготский, Пиаже, немесе заманауи зерттеушілер).
3. Қорытынды: Өз зерттеушілік позицияңызды тұжырымдау.